

БҰЙРЫҚ20 21 жылғы 30 12
Нұр-Сұлтан қаласы**ПРИКАЗ**№ 106
город Нур-Султан**Балабақшаны өзін-өзі бағалауын
ұйымдастыру және өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына, Нұр-Сұлтан қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығы мен кезектен тыс 2021 жылғы 12 қарашадағы педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 02 наурыз аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін.

2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Жамалиева Кенжетай Сагиндыковна – балабақша меңгерушісі, комиссия төрағасы;

Кошербаева Арай Аманбаевна – әдіскер, комиссия мүшесі;

Салиева Асемгуль Камареденовна – тәрбиеші, комиссия мүшесі;

Ержанова Шаргуль Мырзахметовна – музыка жетекшісі, комиссия мүшесі;

Ратқұл Элмира Асқарқызы – тәрбиеші және орыс тілі мұғалімі, комиссия мүшесі.

3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.

4. Комиссия мүшелеріне бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Меңгеруші**К.Жамалиева**